

6B02106-Арт-менеджмент білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихан бағдарламасы

1. Шығармашылық емтихандардың мазмұны

1.1 1-шығармашылық емтихан – арт-жобаны таныстыру.

1-шығармашылық емтихан оқуға түсушілердің жалпы мәдени даму деңгейін, олардың әлеуметтік-мәдени қызметке бағдарлануын және бейімділігін анықтайды. Ұсынылатын арт-жоба міндетті түрде Қазақстанның өнері және мәдениетімен байланысты болуы тиіс. Жобаның тұжырымдамасы жаңа және әзірлемесі дербес болуы керек. Жобаны қорғау емтихан комиссиясының алдында оқуға түсушінің әлеуетін, шығармашылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Соңғы бөлім - жобаның тұсаукесері.

Арт-жоба авторына қойылатын талаптар: ауызша және жазбаша сауатты сөйлеу, өнер және/немесе креативті индустрия саласындағы жоба, идеяның бірегейлігі, шынайылығы, өзін-өзі таныстыру қабілеті.

Оқуға түсуші шығармашылық жобаның (арт-жобаның) тұсаукесерін ұсынады, оны алдын ала жазып алады және өзінің арт-жобасының бейнежазбасын жазбаша негіздемемен бірге қабылдау комиссиясының электрондық мекенжайына жібереді (admissions-vpo@balletacademy.kz). Ұзақтығы 15 минуттан аспайтын бейнежазба, 3 беттен аспайтын жазбаша негіздеме (А4). Ұсынылатын арт-жоба міндетті түрде Қазақстанның өнері мен мәдениетімен байланысты болуы тиіс. Жобаның тұжырымдамасы жаңа және әзірлемесі дербес болуы керек.

Арт-менеджерлік құралды пайдалана отырып арт-жобаны қорғау (сипаттама, смета, кестелер, жоспарлар және т.б.).

1.2 2-шығармашылық емтихан – коллоквиум.

2-шығармашылық емтихан коллоквиум түрінде оқуға түсушінің жалпы ой-өрісін анықтау, Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің тарихын білу және ең танымал есімдерді, қазіргі әлемдік өнердің фактілерін білу, сауатты әдеби тіл құра білу және өз пікірін негіздеу мақсатында өткізіледі. Оқуға түсушіге алдын ала коллоквиумға арналған сұрақтардың үлгі тізбесі ұсынылады.

Шығармашылық емтиханды қабылдау барысында оқуға түсушілердің жалпы мәдени даму деңгейі, әлеуметтік-мәдени қызметке ынтасы, коммуникативтік мәдениеті, эстетикалық көзқарастары, қазіргі заманғы өнер мен мәдениетке бағдарлануы, қызығушылық аясы, мәдениет саласындағы менеджмент бойынша базалық білімі, әлемдік және ұлттық өнер тарихын, белгілі театр ұжымдарының даму тарихын, көрнекті композиторлар мен суретшілердің өмірі мен шығармаларын білуі, сондай-ақ болашақ қызметтің ықтимал нысандары туралы кәсіби көзқарасы анықталады.

Оқуға түсушіге қойылатын талаптар: жауаптардың айқындылығы, қисындылығы және дәлдігі, теориялық білімі, ой-өрісі, кәсіби таңдаудың дәлелділігі мен айғақтылығы.

1.3 Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін оқуға түсушілер үшін консультациялар ұйымдастырылады, онда: емтихан материалдары беріледі және жазбаша жұмыстарды ресімдеу үшін қойылатын тәртіп түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

Консультациялар дәстүрлі және (немесе) онлайн өтуі мүмкін.

2. Емтихан сұрақтарының тізбесі

- 1) Театрдың шығу тегі
- 2) Қазақстанның заманауи бейнелеу өнері
- 3) Онлайн жарнама түрлері
- 4) «Астана Опера» театры: құрылу тарихы, репертуарлық саясаты
- 5) Ежелгі Греция мен Рим театры
- 6) Шығармашылық жобаны іске асырудағы тәуекелдер
- 7) Түркі қағанатының ескерткіштері (Балбалы, Күлтегін, Әулие Ата кесенесі, Арыстанбаб кесенесі, Айша би кесенесі және т.б.)
- 8) Дәстүрлі және заманауи менеджмент
- 9) У. Шекспирдің драматургиясы
- 10) Әдебиеттің ең танымал прозалық жанрларының сипаттамасы
- 11) Шара Жиенқұлова мен Күләш Байсейітованың XX ғасырдағы ұлттық мәдениеттің дамуына қосқан үлесі
- 12) Брэнд, жарқын мысалдар және олардың ерекше белгілері
- 13) Танымал кинопродюсерлер
- 14) XX ғасырдағы орыс театрының көрнекті драматургтері
- 15) Қазақстанның танымал музыкалық жобалары (конкурстар, фестивальдер және т.б.)
- 16) Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жобалар
- 17) Менеджмент функцияларының мәні мен мазмұны
- 18) Қазақтың көрнекті әншілері (Әміре Қашаубаев, Манарбек Ержанов, Ғарифолла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебеков, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов): өмірі мен шығармашылығы
- 19) К. Станиславскийдің орыс режиссурасының дамуына қосқан үлесі
- 20) Жобаны өткізу орны мен уақытының оның табыстылығына әсері
- 21) XX ғасырдағы Қазақстандық музыка өнерінің көрнекті қайраткерлері
- 22) Инфляцияның мәні мен түрлері
- 23) XX ғасырдағы орыс театр өнерінің көрнекті актерлері
- 24) Тайм-менеджмент: мақсаты, міндеттері
- 25) Қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі
- 26) Күләш Байсейітованың шығармашылық қызметі
- 27) Болат Аюхановтың шығармашылық қызметі
- 28) Қазақ театр өнерінің дамуының бастауы
- 29) XX ғасырдағы қазақстандық балеттің көрнекті қайраткерлері
- 30) Event-менеджмент
- 31) Қазақстанның танымал музыкалық продюсерлері
- 32) Қазақ кәсіби театрын қалыптастыру

- 33) Халық әнші-композиторларының шығармашылығы (Біржан, Ақан сері, Әсет, Жаяу Мұса, Мұхит)
- 34) Мұхтар Әуезовтің драматургиясы
- 35) Қазақстанда қазіргі заманғы музыка мәдениетінің дамуы
- 36) Арт-менеджердің негізгі жеке және кәсіби қасиеттері
- 37) М.О. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының даму тарихы.
- 38) Қазақ халқының музыкалық мәдениетінің дамуы
- 39) Менеджменттің мақсаттары мен міндеттері
- 40) Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының даму тарихы.
- 41) Қазақстан бейнелеу өнерінің кәсіби мектебін қалыптастыру
- 42) Жобалардың маусымдылығы (жоғары/төмен маусым / іс-шаралар жанрлары)
- 43) Орыс балетінің пайда болуы және даму тарихы
- 44) Музыка индустриясындағы әртіс менеджерінің рөлі
- 45) Әртіс менеджерінің (агентінің) міндеттері
- 46) Абай Құнанбаевтың ән шығармашылығы
- 47) Арт-индустрия саласындағы қаржыландыру тетігі
- 48) Ұлттық балет театрын қалыптастыру
- 49) Негізгі музыкалық жанрлар
- 50) Қазақстанда қазіргі заманғы балеттің дамуы
- 51) Ахмет Жұбановтың шығармашылығы
- 52) Қазіргі менеджменттің өзіндік белгілері
- 53) Алматыдағы алғашқы опера балет театрының даму тарихы
- 54) Батыс Еуропаның ұлы музыканттары
- 55) Экономикадағы амортизация ұғымы
- 56) 2021 ж. – орнықты даму мақсатында креативті экономиканың халықаралық жылы
- 57) Қазақстанның заманауи киносы
- 58) Қазақстандағы танымал балет театрлары
- 59) Кинематографтың пайда болу тарихы
- 60) Қазақстандағы арт-менеджменттің даму тарихы
- 61) Кино және телеиндустриядағы арт-менеджердің рөлі
- 62) Қазақстандағы музыка индустриясы, оның шығу тегі мен болашағы
- 63) Қазіргі заманғы қазақстандық кино: режиссерлер, актерлер
- 64) Офлайн жарнама түрлері
- 65) Қазақстанның музыкалық мәдениетінің алтын қорына енген қазақ опералары
- 66) Қазіргі қоғамдағы бұқаралық мәдениет
- 67) Қазақтардың дәстүрлі музыкалық аспаптары
- 68) Қазақстан Республикасының танымал шығармашылық ұжымдары
- 69) Қазақстан Республикасының танымал вокалистері
- 70) Демеушінің инвестордан айырмашылығы
- 71) XX ғасырдағы қазақстандық композиторлар
- 72) Ренессанс дәуірінің суретшілері
- 73) Заманауи технологиялардың арт-индустрияға әсері
- 74) Әлемге әйгілі опера театрлары

3. Бағалау критерийлері

Арт-жобаның тұсаукесерін бағалау критерийлері

Егер оқуға түсуші арт-жобаны ұсынбаса немесе «Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келмесе 0-4 балл қойылады.

Егер оқуға түсуші қызығушылық танытпаса, бастамашыл болмаса, көшбасшылық қасиеттері болмаса, «Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасын меңгерудің қажетті талаптарына сәйкес келмесе, 5-15 балл қойылады.

Оқуға түсуші арт-менеджер қызметінің мақсаттары мен міндеттерін нашар түсінетіндігін көрсетсе, қарапайым дағдыларды жеткілікті меңгермеген болса, көркем-шығармашылық қызметті басқару мен ұйымдастыруға байланысты жалпы функцияларды түсінбейтін болса, 16-25 балл қойылады.

Оқуға түсуші барлық қажетті кәсіби іскерліктер мен білімдерді көрсетіп, бірақ бұл ретте арт-менеджер қызметінің негізгі миссиясын тұжырымдай алмаса, жалпы алғанда жоба бойынша толық түсінігі болмаса, 26-35 балл қойылады.

36-45 балл - оқуға түсушіде мәдениет саласындағы заңнамалық қызмет туралы жалпы түсінік болуы, негізгі жобалау-технологиялық, көркемдік-шығармашылық, ұйымдастыру-басқару, маркетингтік қызметті түсінуі, жобаны таныстыруы тиіс.

Коллоквиумды бағалау критерийлері:

Егер оқуға түсуші билеттің бірде-бір сұрағына жауап бермесе, 0-4 балл қойылады.

Егер оқуға түсуші билеттің бір ғана сұрағына жауап бере алса, бірақ емтихан алушының қосымша сұрақтарына жауап бермесе, 5-15 балл қойылады.

Егер оқуға түсуші емтихан алушы қойған сұрақтарға жауап берсе, бірнеше маңызды қателіктер жіберсе немесе емтихан сұрақтарының бір бөлігіне жауап бермесе, дәлелде айтарлықтай қателіктер жіберіп, күрделі практикалық жағдайларды шеше алған жағдайда, 16-25 балл қойылады.

Егер оқуға түсуші емтихан алушының қойған сұрақтарына толық жауап берсе және қиын жағдайларды шеше алған жағдайда, 36-45 балл қойылады.

4. Ұсынылатын әдебиеттер

- 1) Мороз О.А. Управление проектами в ProjectLibre. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2015. – 253 с.
- 2) Шекова Е.Л. Управление учреждениями культуры в современных условиях: Учебное пособие. СПб.: Изд-во «Лань», 2014. - 416 с.
- 3) Байтасов Р.Р. Инновационный менеджмент: курс лекций. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2015. -301 с.
- 4) Назимко В.К. Основы менеджмента: учебно-методическое пособие / В.К.Назимко, Е.В.Кудинова. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2015. – 255 с.: ил. – Менеджмент / А.М. Руденко и др: под ред. А.М. Руденко. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2015. – 215 с.

- 5) Ульяновский А.В. Реклама в сфере культуры: Учебное пособие. – СПб. Изд. «Лань», «ПЛАНЕТА МУЗЫКИ» 2012. – 520 с.
- 6) Гундарин М. Рекламные и PR-кампании. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2013. – 189 с.
- 7) Бердников И.П. PR-коммуникации: Практическое пособие. – 2-е изд. – М: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2017. – 208 с.
- 8) Мастерство продюсера кино и телевидения: учебник для студентов вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2016. – 863 с.
- 9) Бердышев С.Н. Информационный маркетинг: практическое пособие. – 2-е изд.– М.: Дашков и К, 2017. – 216 с.
- 10) Переверзев М.П., Косцов Т.В. Менеджмент в сфере культуры и искусства. Учеб. пособие. М.: Инфра-М, 2014. -192 с.
- 11) Тульчинский Г.Л., Шекова Е.Л. Менеджмент в сфере культуры. Учеб. Пособие.
- 12) 100 шедевров искусства Казахстана. Живопись. Скульптура. Графика. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2009. – 264 с.
- 13) 50 шедевров мировой живописи. – М.: Эксмо, 2014. – 208 с., ил.
- 14) Абызова Л.И. Теория и история хореографического искусства: Термины и определения: Глоссарий. – Учеб.пос. – СПб.: Композитор – Санкт-Петербург, 2015. – 168 с., |48| с., ил.
- 15) Вашкевич Н.Н. История хореографии всех веков и народов: Учебное пособие. – 3-е изд., стер. – СПб.: Издательство «Лань»; Издательство «Планета Музыки», 2016. – 192 с., ил.
- 16) Тарасова О.Г. Музыка и хореография: учебное пособие. – М.: ГИТИС, 2016. – 150 с.
- 17) Тульчинский Г.Л., Герасимов С.В., Лохина Т.Е. Менеджмент специальных событий в сфере культуры. Учеб. пособие. М.: Лань, 2017. - 381 с.
- 18) Мастерство продюсера кино и телевидения. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2016. – 863 с.
- 19) Бернар С. Искусство театра /пер. Н.А. Шемаровой. – СПб.: Лань, 2013. – 144с.
20. Основы теории и истории искусств. Изобразительное искусство. Театр. Кино: учебное пособие. – СПб.: Лань, 2016. – 456 с.
- 20) Ізім Т.О. Қазақ және шетел хореография өнерінің тарихи даму кезеңдері: Оқу құралы/Тойған Ізім. – Алматы: Мир Баспа үйі, 2016.- 196 б.
- 21) Жумасейтова Г. Хореография Казахстана. Период независимости. –Алматы: «Жибек жолы», 2010. – 220 с.